



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА
ИНСТИТУТЫ
Физика кафедрасы

«Бекітемін»

Математика, физика және
информатика институтының

директоры

А.С.Бердышев

2018 ж.



«6М012000 –Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Физика кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № ____ хаттама,
« ____ » _____ 2018 ж.

/Кафедра меңгерушісі К.Б. Тлебаев Тлебаев К.Б.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Абай атындағы ҚазҰПУ МФЖИИ
Кеңесімен мақұлданды: № ____ хаттама, « ____ » _____ 2018 ж.

Кіріспе

6M012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша магистратураға қабылдау емтиханы «педагогикалық ғылымдар магистрі» академиялық дәрежесі ізденушілерінің (абитуриенттерінің) арнайы дайындығын әдеттегі аттестаттау түрі болып табылады.

Қабылдау емтиханының мақсаты болашақ магистранттың (ізденушінің) тұлғалық жалпы мәдениетін, бакалавриат деңгейіндегі пәндік құзыреттілігін және оның физиканы оқыту теориясы мен әдістемесі саласында ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне, жалпы орта және жоғары оқу орындарында ғылыми-педагогикалық қызметке дайындығын анықтауға бағытталған.

Емтихан бағдарламасы ізденушінің Кәсіптік педагогиканың ғылыми-теориялық негіздерін, Кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджменттің және Материалдарды өңдеу технологиясы негіздерін білуін көздейді және солардың негізінде магистратурада оқу процесінде олардың зерттеушілік қабілетін қалыптастыруды ұйғарады.

Оқыту кредиттік технология мен білім берудің модульдік бағдарламалары бойынша жүргізіледі, оқу мерзімі төрт семестрге жалғасады. Дәрістік курстарды жүргізу үшін Абай атындағы ҚазҰПУ-дың және басқа да жоғары оқу орындарының белгілі профессорлары мен мамандары қатыстырылады.

Міндетті пәндерден басқа білім алушылардың оқу жұмысының көлемін өлшеудің үйлестірілген бірлігі ретіндегі кредитті пайдалана отырып, пәндерді зерделеудің ретін өз бетінше таңдап, жоспарлай алуға мүмкіндігі бар. Магистратурада оқудың икемді құрылымы білім алушыға элективті пәндерді таңдап қана қоймай, өзінің жалпы білімдік және кәсіптік деңгейін көтеру арқылы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алады.

Магистратураның білім бағдарламасын 2 жыл бойы педагогикалық бағыт бойынша табысты меңгеріп, магистрлік диссертация қорғағандар 6M012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша «педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі берілетін диплом алады.

Магистрлік бағдарлама кәсіптік оқыту теориясы мен әдістемесі бойынша орта арнайы, орта және жоғары оқу орындарында жұмыс істеу үшін талап етілетін білікті мамандарды даярлауға, сондай-ақ білім беру мәселелерімен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағдарланған.

Бағдарламаның мақсаты – кәсіптік оқыту теориясы мен әдістемесі саласындағы

– шығармашылық ойлау қабілеті, ғылыми-педагогикалық мәселелерді шешу үшін қажет берік білімі бар,

– заманауи ақпараттық технологиялармен (оның ішіне ғылыми ақпаратты алу, өңдеу әдістері де енетін) жұмыс істей алатын,

– ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, жоспарлай алатын, магистрлік бағдарламаның бағдарына сәйкес ғылыми зерттеулерге нақты міндеттер қоя алатын,

– зерттеушілік қабілеттері бар және таңдап алынған мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үшін әр түрлі пәндерден алынған білімдерін кіріктіре алатын білікті мамандарды даярлау болып табылады.

1 «Кәсіптік педагогика» блогына арналған емтихан тақырыптарының тізімі

Кәсіптік педагогиканың ғылыми-теориялық негіздері. Кәсіптік педагогиканың философиялық-әдіснамалық негіздері. Кәсіптік педагогиканың зерттеу әдістері және ғылыми зерттеуді басқару. Кәсіптік педагогика жүйесінің негізгі тенденцияларының дамуы. Кәсіптік педагогика – оқу пәні және педагогика ғылымының саласы.

Кәсіптік білім берудің мазмұны. Кәсіптік оқыту мазмұнын таңдап алудағы жалпы тәсілдер. ҚР бастауыш және орта кәсіптік білім бері жүйесі және оның құрылымы туралы туралы жалпы сипаттама.

Кәсіптік оқыту формалары мен әдістері. Кәсіптік оқыту әдістері мен формалары туралы ұғым. Өндірістік оқыту әдістері. Оқыту әдістері мен формаларының оптимизациялануы. Сабақ-оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі түрі, дидактикалық талаптар. Сабақтың түрлері, дидактикалық құрылымы. Кәсіптік оқыту әдістері мен формаларын ұйымдастыруды оңтайландыру.

Кәсіптік оқыту жүйесі мен принциптері. Кәсіптік оқыту принциптері. Кәсіптік оқыту әдістері мен әдістемелік ерекшеліктері. Кәсіптік оқыту құралдары және оның түрлері. Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру формалары (сабақ- кәсіптік мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде).

Кәсіптік білім берудегі инновациялық технологиялар. Педагогикалық технологияны жобалау әдіснамасы (аксиоматикалық тәсіл). Оқыту технологиясын ұйымдастырудағы инновациялық тәсіл.

Педагогикалық технологияның жіктемесі және оларды жобалау. Заманауи ақпараттық және коммуникациялық оқыту технологиялары.

Кәсіптік білім беру оқу орындарында тәрбие жұмысының теориясы мен тәжірибесі. Тәрбие беру үдерісіне қатысушылардың сипаттамасы. Кәсіптік мектептің педагогикалық ұжымы және оның ерекшеліктері. Кәсіптік оқыту орнында тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері.

2 «Кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент» блогына арналған емтихан тақырыптарының тізімі

Кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджменттің маңызы, оның рөлі мен орны. Курстың мақсаты және міндеттері, адамның қызмет саласында менеджменттің қажеттігіне тарихи шолу. Менеджменттің ғылым ретінде пайда болуы, дамуы және тарихы, оның кәсіби білім беру жүйесіндегі түрленуі. Ғылыми менеджмент мектебі. Педагогикалық менеджменттің ұғымдық аппараты. «Менеджмент» ұғымына берілген анықтамалар.

Кәсіби білім беру ұйымдарын басқарудағы жүйелілік тәсіл. Өлеуметтік-педагогикалық жүйелер, ұғымдар және түрлері. Жүйелердің табиғаты мен маңызы. Педагогикалық жүйелердің компоненттері. Педагогикалық жүйенің жүйе құраушы факторлары.

Жүйе және басқару. Білім беру жүйелерін басқару. Білім беру ұйымдарын басқарудың мақсаттары мен міндеттері, принциптері. Басқару функциялары. Басқару әдістері. Білім беру ұйымдарын басқару құрылымы.

Нарықтық экономика жағдайындағы оқу орындарының даму стратегиясы. Педагогикалық менеджменттегі білім беру сапасын басқару.

Педагогикалық менеджментті ақпаратпен қамтамасыз ету. Ақпарат ұғымы, оның педагогикалық менеджменттегі рөлі мен маңызы. Басқару ақпараты. Білім беру саласы басшыларының ақпараттық қажеттіліктері. Ақпараттық қажеттіліктің қалыптасуына

ықпал ететін объективті және субъективті факторлар. Жаңа ақпараттық технологиялар, оларды басқару қызметін ақпараттандыру процесінде пайдалану.

Педагогикалық ұжымдағы тұлғаларалық қатынастар. Педагогикалық ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалы. Тұлғаларалық қатынас ұғымы. Тұлғаларалық қатынастардың оқытушылар қызметіне, оқу-тәрбие үдерісіне әсері. Педагогикалық ұжымдағы түсініспеушіліктер және оларды шешу.

3 «Материалдарды өңдеу технологиясы» блогына арналған емтихан тақырыптарының тізімі

Материалдардың механикалық қасиеттері. Пластикалық деформациялар. Металдардың кристалдық құрылымы. Ағаш материалдарының түрлері. Пластмассалардың технологиялық қасиеттері мен жіктемесі. Балқыту арқылы дәнекерлеу. Прокаттау түрлері. Құйма кесектерді алу тәсілдері. Металдар мен құймалардың коррозиясы. Металдарды жабындылармен коррозиядан қорғау. Металдарды соғу және штамптау технологиясы. Кесіп-қию арқылы өндеуге арналған станоктар. Болатты термиялық өндеудің негізгі әдістері. Домендік процесс. Мыс және оның құймалары. Алюминий және оның құймалары. Құйма кесектерді алудың негізгі тәсілдері. Прокаттаудың түрлері және технологиялық сипаттамалары. Дәнекерлеу әдістері. Резеңке алу және оның қолданысы. Балқытын біріктіру әдістері. Металл ұнтақтардан бұйым дайындау.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі. – Алматы, 2006- 304 б.
2. Абдыкаримов Б.А. и др. Профессиональная педагогика. - Астана, 2008.- 310 с.
3. Сластенин В.А. Педагогика. - М.: Издательский центр "Академия", 2007.- 512 с.
4. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой. – Алматы : Ғылым, 2001. - 136 с.
5. Шамова Т.И., Третьяков П.И., Капустин Н.П. Управление образовательными системами: Учеб.пособие / Под.ред.Т.И.Шамовой, 2002.
6. Жусупова К.А. Менеджмент в сфере высшего образования.- Алматы, 2004
7. Менеджмент в управлении школой: Учеб.пособие / Под ред. Т.И.Шамовой, 2000
8. Сыздықов О., Оразбаев Б., Нысанбаев Ғ. Конструкциялық материалдар технологиясы. – Алматы: РБК, 1993.
9. Оханов Е.Л., Самсаев М.Б. Материалтану және конструкциялық материалдар технологиясы. Алматы, 2009.
10. Баймаханұлы Ә., Тоқбергенова У.Қ. Пластикалық массалар және олардан бұйым жасау технологиясы. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 120 б.
11. Никифоров В.М. Технология металлов и других конструкционных материалов СПб.: Политехника, 2009. — 382 с.
12. Фетисов Г.П., Гарифуллин Ф.А. Материаловедение и технология металлов. М.: Оникс, 2007. - 624 с.